

Салыққа жатпайтын түсімдерді өндіріп алуға жауапты және олардың түсуін бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органдардың тізбесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 10 желтоқсандағы N 1303 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 31 желтоқсандағы N 1339 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008.12.31 N 1339 (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджет кодексі 58-бабының 10) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Қоса беріліп отырған Салыққа жатпайтын түсімдерді өндіріп алуға жауапты уәкілетті мемлекеттік органдардың тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігіне қоса беріліп отырған тізбеде көрсетілген мемлекеттік органдардың салыққа жатпайтын түсімдердің мемлекеттік бюджетке түсуінің толықтығын және уақтылығын қамтамасыз ету жөніндегі бақылауды жүзеге асыру жүктелсін.

3. Осы қаулы 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2004 жылғы 10 желтоқсандағы
N 1303 қаулысымен бекітілген

Салыққа жатпайтын түсімдерді өндіріп алуға жауапты және олардың түсуін бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органдардың тізбесі

Ескерту. Тізбеге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.05.29. N 438 қаулысымен.

Р/с	Салыққа жатпайтын түсімдерді	Салыққа жатпайтын
N	өндіріп алуға жауапты және	түсімдердің атауы
	олардың түсуін бақылауды жүзеге	
	асыратын уәкілетті мемлекеттік	
	органдардың	атауы

1 Шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорындарға қатысты мемлекеттік басқару органдары	Республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері
2 Шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындарға қатысты мемлекеттік басқару органдары	Коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері
3 Акциялардың мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқығын жүзеге асыратын мемлекеттік органдар	Республикалық меншіктегі акциялардың мемлекеттік пакеттеріне дивидендтер
4 Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердегі қатысу үлестерін иелену және пайдалану құқығын жүзеге асыратын мемлекеттік органдар	Республикалық меншіктегі заңды тұлғалардағы қатысу үлесіне кірістер асыратын
5 Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік органдар түсетін түсімдер	Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатуынан
	Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің дебиторлық, депоненттік берешегінің түсімдері
	Бұрын республикалық бюджеттен алынған, пайдаланылмаған қаражаттарды қайтару
6 Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік органдар сатуынан түсетін түсімдер	Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің қызметтерді
	Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік

- мекемелердің дебиторлық, депоненттік берешегінің түсімдері
- Бұрын жергілікті бюджеттен алынған, пайдаланылмаған қаражаттарды қайтару
- 7 Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрілігі ақысынан түсетін түсімдер
- Әскери полигондарды пайдаланғаны үшін жалдау
- Қару-жарақ пен әскери техниканы сатудан түсетін түсімдер
- 8 Қазақстан Республикасы Ұлттық ғарыш агенттігі ақысынан түсетін түсімдер
- "Байқоңыр" кешенін пайдаланғаны үшін жалдау
- 9 Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Сот комитеті (сот актісі болған жағдайда, келісім бойынша)
- Атқарушылық санкция Сот әкімшілігі
- 10 Қазақстан Республикасы Қаржы министрілігінің Салық комитеті, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Сот әкімшілігі комитеті (мәжбүрлеп орындату туралы сот қаулысы болған жағдайда, келісім бойынша)
- Казино, тотализаторлар және ойын бизнесі қызметінен алынған кірістерді қоспағанда, оған қатысты лицензиялық тәртіп белгіленген лицензиясыз қызметтен алынған өндіріп алынған кірістердің түсімі
- Оған қатысты лицензиялық тәртіп белгіленген казино тотализаторлар және ойын бизнесінің лицензиясыз қызметінен алынған өндіріп алынған кірістердің түсімі
- Жеке кәсіпкерлердің мемлекеттік тіркелмеген қызметінен алынған өндіріп алынған кірістердің түсімі
- Банктерден немесе банк операцияларының жекелеген

түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан салық заңнамасы нормаларын бұзғаны үшін салынатын айыппұл сомаларының

түсімі

- | | | |
|----|--|--|
| 11 | Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын уәкілетті мемлекеттік органдар, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Сот әкімшілігі (мәжбүрлеп орындату туралы сот қаулысы болған жағдайда, келісім бойынша) | Орталық мемлекеттік органдар, олардың аумақтық бөлімшелері салатын әкімшілік айыппұлдар, өсімақылар, санкциялар, өндіріп алулар |
| | | комитеті |
| | | өндіріп алулар |
| | | Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын өзге де айыппұлдар, өсімақылар, санкциялар, өндіріп алулар |
| 12 | Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын уәкілетті мемлекеттік органдар, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Сот (мәжбүрлеп орындату туралы сот қаулысы болған жағдайда, келісім бойынша) | Жергілікті мемлекеттік органдар салатын әкімшілік айыппұлдар, өсімақылар, санкциялар, өндіріп алулар |
| | | әкімшілігі |
| | | комитеті |
| | | Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын өзге де айыппұлдар, өсімақылар, санкциялар, өндіріп алулар |
| 13 | Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Геология қойнауын пайдалану комитеті | Жер қойнауы туралы ақпаратты пайдалануға бергені үшін және жер төлемақы |
| 14 | Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі кірістердің түсімі | Монополияға қарсы заңнаманың бұзылуы нәтижесінде алынған |
| 15 | Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі | Бас бостандығынан айыруға сотталғандардың тамақтың, заттай мүліктің және коммуналдық-тұрмыстық, емдеу - алдын алу қызметтерінің құнын, |

мемлекетке, түзеу мекемесіне
келтірілген залалды, қашуға
жол бермеуге байланысты
қосымша шығындарды өтеуі

Түзеу жұмыстарына
сотталғандардың еңбекақысынан

ұсталатын түсімдер

16 Қазақстан Республикасы Ауыл
шаруашылығы министрлігі

Ауыл шаруашылық және орман
алқаптарын ауыл және орман
шаруашылықтарын жүргізуге
байланысты емес мақсаттарға
пайдалану үшін алған кезде
ауыл шаруашылығы және орман
шаруашылығы өндірістерінің
зияндарын өтеуден түсетін

түсімдер

Зиянды өтеу туралы талап
бойынша табиғат
қорғаушылардан алынған
қаражаттар, тәркіленген
аңшылық және балық
шаруашылығы құрал-сайманын,
заңсыз өндірілген өнімді

сатудан түскен қаражаттар

17 Жергілікті атқарушы органдар

Коммуналдық меншіктегі
акциялардың мемлекеттік

пакеттеріне дивидендтер

Коммуналдық меншіктегі заңды
тұлғалардағы қатысу үлесіне

түсетін кірістер

Коммуналдық меншіктегі
мүлікті жалға беруден

түсетін кірістер

Аудандардың (облыстық маңызы
бар қалалардың) жергілікті
атқарушы органдарына облыстық
бюджеттен берілген бюджеттік
кредиттер бойынша сыйақылар

(мүдделер)

Жергілікті бюджеттен қарыз алушы банктерге берілген бюджеттік кредиттер бойынша сыйақылар (мүдделер)

Жергілікті бюджеттен жеке тұлғаларға берілген бюджеттік кредиттер бойынша сыйақылар (мүдделер)

Жер учаскелерін жалға беру құқығын сатқаны үшін төлемақы

Жергілікті өкілетті органдардың шешімдері бойынша өткізілетін мемлекеттік лотереялардан түсетін кірістердің түсімдері

Иесіз мүлікті, белгіленген тәртіппен коммуналдық меншікке өтеусіз өткен мүлікті, қадағалаусыз жануарларды, олжаларды, сондай-ақ мұрагерлік құқығы бойынша мемлекетке өткен мүлікті сатудан алынатын

түсімдер

Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша

түсімдері

Жергілікті бюджетке түсетін басқа да салыққа жатпайтын

түсімдер

18 Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі

Республикалық меншіктегі мүлікті жалға беруден

түсетін кірістер

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкіндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің

депозиттері бойынша
сыйақылар (мүдделер)

Депозитке уақытша еркін
бюджет ақшасын орналастырудан
алынған сыйақылар (мүдделер)

Екінші деңгейдегі банктердегі
шоттарда мемлекеттік сыртқы
қарыздардың қаражатын
орналастыруға сыйақылар
(мүдделер)

Облыстардың, республикалық
маңызы бар қалалардың,
астананың жергілікті
атқарушы органдарына ішкі
көздер есебінен республикалық
бюджеттен берілген бюджеттік
кредиттер бойынша сыйақылар
(мүдделер)

Аудандардың (облыстық маңызы
бар қалалардың) жергілікті
атқарушы органдарына
үкіметтік сыртқы қарыздар
қаражаты есебінен
республикалық бюджеттен
берілген бюджеттік кредиттер
бойынша сыйақылар (мүдделер)

Қарыз алушы банкілерге ішкі
көздер есебінен республикалық
бюджеттен берілген бюджеттік
кредиттер бойынша сыйақылар
(мүдделер)

Қарыз алушы банктерге
үкіметтік сыртқы қарыздар
қаражаты есебінен
республикалық бюджеттен
берілген бюджеттік кредиттер
бойынша сыйақылар (мүдделер)

Заңды тұлғаларға үкіметтік
сыртқы қарыздар қаражаты

есебінен 2005 жылға дейін
республикалық бюджеттен
берілген бюджеттік кредиттер
бойынша сыйақылар (мүдделер)

Жеке тұлғаларға республикалық
бюджеттен берілген бюджеттік
кредиттер бойынша сыйақылар
(мүдделер)

Шет мемлекеттерге берілген
бюджеттік кредиттер бойынша
сыйақылар (мүдделер)

Қазақстан Республикасының
Үкіметі мемлекеттік
кепілдіктер бойынша төлеген
талаптар бойынша сыйақылар
(мүдделер)

Бағалы қағаздардың
ұйымдастырылған рыногында
сатып алынған мемлекеттік
эмиссиялық бағалы қағаздардан
түскен сыйақылар

Тәркіленген мүлікті,
белгіленген тәртіппен
республикалық меншікке
өтеусіз өткен мүлікті, оның
ішінде мемлекеттің пайдасына
бас тарту кедендік режимінде
ресімделген тауарлар мен
көлік құралдарын сатудан
түсетін түсімдер

Республикалық бюджеттен
қаржыландырылатын мемлекеттік
мекемелер ұйымдастыратын
мемлекеттік сатып алуды
өткізуден түсетін ақша
түсімдері

Заңсыз алынған мүлікті
еркімен тапсырудан немесе
өндіріп алудан немесе

мемлекеттік функцияларды
орындауға уәкілеттік берілген
тұлғаларға немесе оларға
теңестірілген тұлғаларға
заңсыз көрсетілген
қызметтердің құнынан
алынатын сомалардың түсімі
Республикалық бюджетке
түсетін өзге де салыққа
жатпайтын түсімдер

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК